

Үсенбекова Айнагүл Ермекбайқызы
әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетін
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы, ae250160@mail.ru

Садырбекова Жақсыгүл Тілеуқұлқызы
Алматы қ, № 12 мамандандырылған гимназияның жоғары категориялы биология пәні мұғалімі

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ЖАСАЛУ ҮЛГІЛЕРІ

Ғылым мен білімді, өндірістің түрлі саласын дамыту үшін жоғары білімді, білікті мамандар даярлау қажет, бұл – Қазақстанның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бірқатар шет елдерде, біздің республикамызда оқушының, жоғарғы оқу орнына түсуші талапкердің, студенттің, мектеп мұғалімінің білімін бақылау, тексеру үшін әр пән, сала бойынша тест тапсырмалары даярланған.

Тестология ғылымы XX ғ. басында қалыптасты. Шетелдік психологтар оны «психометрика» деп, ал педагогтар «педагогикалық өлшем» деп атайды. Ол қолданылатын саласына байланысты, педагогикалық, психологиялық немесе әлеуметтік болып бөлінеді. Тестология білімді объективті бақылау үшін тест сұрақтарын құрастырумен айналысады. [2].

Тест тапсырмаларын құрастырғанда төмендегі әдістемелік талаптарды орындау қажет:

1. Лексикалық тұрғыдан тапсырма мазмұны сауатты болу керек.
2. Тапсырма ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен әр пәннің оқу бағдарламасы сұранысын қанағаттандыруы керек.
3. Тапсырма мазмұны нақты, дәл, қысқа болуы керек.
4. Тест сұрағының жауабы (жауаптары) нақты болуы тиіс.
5. Сынаққа түсушінің білім деңгейін анықтауға арналуы тиіс.
6. Егер, формула, сызба, сурет, т.с.с болса дәл, анық берілуі тиіс.

Тест тапсырмалары құрылымы бойынша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- Бір не бірнеше дұрыс жауапты тапсырмалар.
- Сәйкестікті анықтау тест тапсырмалары.
- Дұрыс тізбекті анықтау тапсырмалары.
- Ашық тест тапсырмалары. [1].

Зерттеу саласы бойынша тесттің бірнеше түрлері бар: интеллект тесті, жалпы үлгерім тесті, мамандық сәйкестігі мен функционалдық мүмкіндіктерін анықтауға арналған арнайы тесттер, психометриялық тұлғалық тесттер, т.б.[4]

Осы тест түрлерімен бірге, гомогенді және гетерогенді тест тапсырмалары арқылы да білім сапасын тексеруге болады. Гомогенді тесттер арқылы сынақталушыны бір пән бой-

ынша білімін тексеруге негізделіп құрастырылады. Ал, гетерогенді тесттер сынақталушының білімін бірнеше пән бойынша тексеруге мүмкіндік береді.

Еліміздің жалпыға білім беретін мектептерінде жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беріледі. Соның негізгілерінің бірі – биологиялық білім беру. Биология пәні 6 сыныптан бастау алып, 11 сыныпта «Жалпы биология» курсымен аяқталады. Биология пәнін таңдаған талапкерлерге көптеген мамандықтар жол ашады, мысалы: биология, жалпы медицина, агрономия, стоматология, биотехнология, тағам өнеркәсібі, дефектология, психология, т.б. Осы орайда, елімізде көптеген талапкерлердің биология пәніне қызығушылығы артып отыр. Сондықтан, орта мектептерде биологиялық білімді терең меңгеру қажет. Тесттік бақылаудың тиімді жағы пәннің мазмұнын немесе берілген тарауы туралы оқушы білімі деңгейін тез, дәл, нақты анықтау. [5]

Тесттік әдістің өзектілігі оның басқа педагогикалық әдістер алдындағы күдіксіз басымдығы болып табылады. Оның негізгі бес басымдығы:

- 1.Сынға түсушінің дайындық деңгейін объективті бағалауда тесттің жоғары ғылыми негізділігі
- 2.Тесттік әдістердің технологиялылығы
- 3.Өлшеудің дәлдігі
- 4.Тесттің технологияның басқа да қазіргі білім технологиялармен сәйкестігі

Қазіргі кезде бір жауапты тесттермен бірге бірнеше дұрыс жауаптары бар тесттер кенірек қолданыс табуда. Ондай тесттер мазмұны бір жауапты тесттерге қарағанда қиынырақ және көп, тыңғылықты дайындықты талап етеді.

Тест мазмұнын сұрыптаудағы критерийлер:

- 1.Тест мазмұны тестілеу мақсатқа сай болуы қажет.
- 2.Мазмұн мен форманың өз ара байланыстылығы
- 3.Тесттік тапсырмалардың мазмұнының дұрыс құрылуы
- 4.Тест мазмұнының пәннің мазмұнын ашуы
- 5.Тест мазмұнының қазіргі ғылым деңгейімен сәйкес болуы
- 6.Тестілеу мақсаты мазмұнының қиындық деңгейіне сәйкес болуы[3]

Қазақстан Республикасында 2004 ж бері Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі жұмыс істеуде және бір дұрыс жауапты тесттер қолданылып келді. Осы уақыт аралығында бұл жүйе жақсы нәтижелер көрсетті. Енді үстіміздегі жылдан бастап, білім жүйесінде өзгерістер енгізілді, дәлірек айтқанда: 1. ЖОО – ға түсу үшін талапкерлер таңдау пәнімен қоса, оған серіктес пәннен де тесттік сынақтан өтеді. 2. Тесттік сұрақтар бір жауабымен қатар, бірнеше жауапты тесттер де қолданысқа жол ашады. Төменде биологиядан жаңа форматта тесттік тапсырма үлгісінің бір нұсқасын жауабымен ұсынып отырмыз:

Бір дұрыс жауабын табыңыз:

1. Бүйрек ішіндегі кеңейген қуыс:

- A) арықша
- B) қолқа
- C) астауша
- D) тамырша
- E) табақша

Дұрыс жауабы - C

2. Тәулігіне бүйрек арқылы ағады:

- A) 200 г зәр
- B) 1500 – 1700 л қан
- C) 2000 г қан
- D) 15 – 25 л су
- E) 66 – 99 л плазма

Дұрыс жауабы - B

3. Бірінші реттік зәр мөлшері:

- A) 100 – 150 л
- B) 25 л
- C) 50 – 100 л
- D) 200 л
- E) 150 – 170 л

Дұрыс жауабы - E

4. Биосинтез реакцияларының жиынтығы:

- A) пластикалық алмасу
- B) судың айналымы
- C) оттегінің айналымы
- D) нәруыз синтезі
- E) ДНҚ синтезі

Дұрыс жауабы - A

5. Адамға бір тәулікте қажет су:

- A) 3,5 л
- B) 1,5 – 2,5 л
- C) 3 л
- D) 2,3 л
- E) 1-3 л

Дұрыс жауабы – B

6. Спора түзілетін орын:

- A) бұршаққап
- B) спорақап
- C) ұяшық
- D) жатын
- E) спорангий

Дұрыс жауабы - E

7. Шаң түріндегі спора:

- A) дән

B) канатша

C) бодо

D) диатом

E) конидий

Дұрыс жауабы - E

8. Тұңғыш рет қос жарнақты және дара жарнақты деп бөлді:

- A) А. Левенгук
- B) Дж. Палладе
- C) Дж. Рей
- D) Кекуле
- E) Р. Гук

Дұрыс жауабы – C

9. Шоғырбас гүлшоғырының сыртын 2 жапырақ орайды:

- A) кызылбас жоңышқа
- B) ақбас қурай
- C) сары бас қурай
- D) ақ қараған
- E) сары қараған

Дұрыс жауабы - A

10. Сәндік алқатұқымдас:

- A) сексеуіл, жауқазын
- B) шырайгүл, кызылқұлақ
- C) пияз, жоңышқа
- D) сәлбен, меңдуана
- E) болгар бұрышы, итжүзім

Дұрыс жауабы - B

11. Хромасоманы 2 ашаға бөледі:

- A) центромера
- B) экватор
- C) полюстер
- D) кірпікшелер
- E) микротүтікшелер

Дұрыс жауабы – A

12. Бақаның хромасома саны:

- A) 30
- B) 2
- C) 26
- D) 25
- E) 58

Дұрыс жауабы - C

13. Жүгерінің хромасома саны

- A) 2
- B) 6
- C) 55
- D) 30
- E) 20

Дұрыс жауабы - E

14. Хромасома құрамындағы гистон мөлшері:

- A) 17,6%
- B) 22%
- C) 76%
- D) 40%
- E) 17%

Дұрыс жауабы - D

15. Эндоспермнің триплоидты табағатын ашты:

- A) Э. Дюбуа

В) М.С.Навашин

С) С.Г.Навашин

Д) К.Линней

Е) М.В.Ломоносов

Дұрыс жауабы – В

16.Гастрола дегеніміз:

А) асқазан қуысы

В) үш қабатты ұрық жапырақшасы

С) ұрықтың ортаңғы қабаты

Д) бір қабатты ұрық

Е) екі қабат ұрық жапырақшасы

Дұрыс жауабы - Е

17.Юра кезеңінде тіршілік еткен құс:

А) протавис

В) археоптерикс

С) дронг

Д) кезеген кептер

Е) шағала

Дұрыс жауабы - В

18.Инсулинді химиялық жолмен синтездеп алды:

А) Т.Морган, 1945 ж

В) Уотсон, 1998 ж

С) Н.И.Вавилов, 1938 ж

Д) Г.Мендель, 1875 ж

Е) Ф.Сэнгер, 1957 ж

Дұрыс жауабы -Е

19.Митоздық бөліну кезінде пайда болған бөлшектер:

А) бластомер

В) центромер

С) ахроматин

Д) гормогония

Е) центриоль

Дұрыс жауабы - А

20.Ұрықтық даму кезінде энтодермадан пайда болды:

А) тері, көз, шаш, тырнақ

В) саусақтар, тері, жүрек, өкпе

С) өкпе, бауыр, ұйқыбез, ас қорыту жүйесі

Д) ми, жұлын, қаңқа, бүйрек

Е) өкпе, қаңқа, бүйрек

Дұрыс жауабы – С

Бірнеше дұрыс жауабын табыңыз:

21.Ұрықтық даму кезінде мезодермадан пайда болды:

А) желі

В) мүйіз

С) шеміршек

Д) көз

Е) бұлшықет

Ғ) бүйрек

Г) мұрын

Н) қаңқа

Дұрыс жауабы – А, Е, Ғ, С, Н

22.Энтодермадан пайда болды:

А) ішек

В) ас қорыту жүйесі

С) өкпе

Д) кірпік

Е) бауыр

Ғ) ұйқыбезі

Г) түктер

Н) кылтамырлар

Дұрыс жауабы – В, С, Е, Ғ

23.Г.Мендельдің заңдары:

А) тартылыс заңы

В) біркелкілік заң

С) ұрықтардың ұқсастық заңы

Д) эволюциялық заң

Е) цитогенетикалық заң

Ғ) егіздердің ұқсастық заңы

Г) жасушалардың ұқсастық заңы

Н) белгілердің ажырау заңы

Дұрыс жауабы – В, Н

24.Тұңғыш рет ДНҚ құрамынан жеке генді бөліп алу жұмысын :

А) 1969 ж Дж Беквит жүргізді

В) 1985 ж Жапонияда жүргізілді

С) 1955 ж Де Дюв жүргізді

Д) 1665 ж Р.Гук жасаған

Е) 1999 ж С.Г.Навашин жасады

Ғ) 2000 ж М.Ә.Айтхожин іске асырды

Г) 1455 ж Англияда жүргізілді

Н) 1774 ж Сирияда жасалды

Дұрыс жауабы – А

25.Отаны - Абиссиния:

А) қатты бидай, кофе ағашы

В) картоп, пияз

С) мақта, қауын

Д) күріш, қант қамысы

Е) арпа, банан

Ғ) тары, сорго

Г) зәйтүн, жоңышқа

Н) құмай (сорго)

Дұрыс жауабы – А, Е, Н

26.Отаны – Шығыс Азия:

А) күріш

В) тары

С) қарақұмық

Д) жалбыз

Е) сәлбен

Ғ) адамтамыр

Г) картоп

Н) көксағыз

Дұрыс жауабы - В, С

27.Мейозды 1898 ж алғаш сипаттап жазды:

А) А.Ван Левенгук

В) Р.Вирхов

С) Г.Мендель

Д) Ф.Мишер

Е) В.и.Беляев

Ғ) Луи Пастер

Г) И.И.Мечников

Н) М.Уилкинс

Дұрыс жауабы – Е

28.1924 ж Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы теориясын қалыптастырды:

- A) А.Опарин
- B) Дж Холдейн
- C) М.Ә.Айтхожин
- D) А.Корнберг
- E) С.Фокс
- F) С.Миллер
- G) Т.Морган
- H) Г.Миллер

Дұрыс жауабы – А, В, Е, F, H

29.1878 ж жануар жасушасының митоз жолымен бөлінетінін дәлелдеді:

- A) К.Бэр
- B) В.Флемминг
- C) А.Вейсман
- D) Т.Морган
- E) П.И.Перемежко
- F) Д.Рей
- G) Ж.Б.Ламарк
- H) Р.Броун

Дұрыс жауабы – В, Е

30.Тіркесті тұқым қуалау:

- A)1841 ж ашылды
- B) Я.Пуркинье ашты

C) кеңірдек жасушаларына тән

D) туралы 1888 ж алғашқы дерек бар

E) протоплазма деген затта болмайды

F) 1445 ж зерттелген

G) ауа көпіршіктерінің бір тамырында қарқынды жүреді

H) Т.Морган ашты

Дұрыс жауабы – H

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.TECTNEWS kz Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №1.

Алматы, 2015ж

2.Авенесов В.С. Композиция тестовых заданий. Москва «Адепт»1998 г.

3.Авенесов В.С. Международная конференция. Этика в бизнесе и экономике: Проблемы высшего образования. 18 – 19 март 2002 г Алматы.

4.Доминер Л.И. «Технология создания компьютерных тестов» www.mschooll.ucoz.ru /dot/Teorya001.pdf

5.Заяц Р.Г и др, Биология. Тесты для поступающих в ВУЗ – ы. Минск «Высшая школа» 2015 г.

